



БЕЙІМБЕТ МАЙЛІН



35



БЕЙМБЕТ



КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

МАЙЛИН

3

Өлеңдер



Алмати
ҚАЗЫҒҮРТ
2004

ББК 84 Каз 7-5

М 14

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің
багдарламасы бойынша шыгарылды*

Редакция алқасы:

А. Сәрсенбейұлы, Ә. Аскаров, С. Е. **Байменше,**
Т. Бейіскұлов, Т. Кәкішев, Т. М. **Көпбаев,** З. Қабдолов,
Р. Нұргали

· Құрастырушылар: ?
Серікқали Байменше,
филология гылымдарының доктори.

Тоқтар Бейіскұлов,
филология гылымдарының кандидаты, Қазақстан Әлеуметтік
академиясының құрметті мүшесі, Қазақстан тарихи-агарту
«Әділет» қоғамының мүшесі.

Майлин Б.

М 14 Көп томдық шығармалар жинағы, — Алматы: «Қазығұрт».
— 2004. Үшінші том: Өлеңдер. — 488 бет.
ISBN 9965-22-013-1 (том 3)

Бұл томға Б. Майлиннің өлеңдері кіргізіліп отыр. Олардың ұзын саныт
екі жүзден асады. Солардың қырық беске жуығы бұрынғы жинақтарына
кірмей, белгісіз болып келген еді. Қаламгердің біраз өлеңдері 1920 — 1930
жылдардағы кеңестік содыр сынның нәтижесінде жокқа шығарылған
болатын. Ал кейбір өлеңдері жарияланғанда өрескел бұзу, жөнсіз түзеу
жасалғаны байқалады. Олар акынның өз жазуы бойынша қайтадан қал-
пына келтірілді. Оқырман бұл кітаптан бұрынғы жинақтарына кір-
гендерімен бірге, енбей, ғылыми айналымға түспей, беймәлім санағыш
келген өлеңдерімен де танысып, рухани азық ала алады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Каз 7-5

М 4702250202
482(05)-04

ISBN 9965-22-013-1 (том 3)

ISBN 9965-22-011-5

© «Қазығұрт» баспасы, 2004

АҚЫНДЫҚ АЙДЫНЫ

...Жаңа ғасырмен жарысып «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы қазақ поэзиясының екімшілдік тарихын қамтитын «Екімшілдік дала жыры» атты 752 беттік бірегей антологияны 2000 жылы жарықта шығарған еді. Онда Заратуштра, Анахарсистен бастап бүгінді ақындарға дейінгі шығармашылардың өмірбаяндары және бір-екі өлеңі берілген. Абайдан кейінгі қазақ поэзиясы Шекерімнен басталады. Ахмет, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілияс, Бернияз, Сәбит... бәрі-бәрі бар. Бірак, сенсеніз де, сенбесеніз де, осы кітапта Бейімбет Майлин жоқ...

Бұдан кейін ойға калмай көрініз: Бейімбет шығармашылығын ақын болып бастаған еді гой, тұмса өлеңдері Ахмет Байтұрсыновтың тікелей ықпалымен «Қазак» газетінде жарияланғаны қайда? 1925 жылы Смағұл Сөдуақасов «казіргі тарихтың алдыңғы қатарлы ақындарының бірі» деп бағалаған Бейімбет Майлин емес пе? Бар жазығы — «коллективтің жырын айтканы» ма? Қырық үш жастан асқанша алпыстан астам кітапта авторлық құқығын қалдырған Бейімбеттің соңында сарғайған еңбектерінін тен жартысынан астамы поэзиялық жинақтары емес пе? Оннан астам поэмалар жазғанын қайда коямыз⁹ Солардың ішінен «Екімшілдік дала жырына» кіргізуге лайық іліп аларлық бір-екі өлең табылмағаны ма? Бұл 1930 жылдан кейін өзі де өлең жазуды сиреткен Бейімбет ақындығын жоққа шығару болмас па еken? Оның үстінен Майлин поэзиясына арналған ғылыми-зерттеу еңбектерін қайда коямыз?

Бұл фактіге орай кезінде құрастырушылардың бірі республикалық баспасөзде мәселе қөтеріп еді (*Караңыз. С Байменіе. Жаңашыл көзқарас — жанашыл көзқарас.* (Егемен Қазақстан, 2002 жыл, 20 сәуір). Онда әдебиет тарихын жаңа көзқараспен зейіндеу идеясының астарында кез келген әдеби мұраға жаңы аши қарау жатуға тиістігі ұсынылған болатын.

Бірегей энциклопедияға Бейімбет өлеңдерінің кірмей қалуы, бәлкім, кездейсоктық болар. Астарында алабөтен айырмашылық жатпаса керек. Біз солай ойлаймыз. Мұның алдағы уақытта ескеруге болатын іс екендейгінде дау жоқ. Соған қарамастан, Майлин поэзиясының тарихи-

коғамдық маңызы әлі де болса жеткілікті зерделенбей жүр-ау деген ой кылаң беретіні **жасырын** емес. «Бейімбет Майлин — акын: әдебиеттегі алғашкы адымын өлеңнен бастады және **казак** поэзиясының дамуына өзіне лайық үлес косты» дейді **академик-жазушы** Зейнолла Қабдолов. Бұл нақты ғылыми тұжырым бүгінгі танда Б.Майлиниң акындық айдының екі деңгейде — өлеңмен басталған алғашкы адым және **ұлттық** поэзияға өзіне лайық үлес қосу орайында карастыру қажеттігін алға тартады.

Ұлттық әдеби-ғылыми зерттеулер акын поэзиясының ерекшеліктерін біршама мазмұннады, керкемдік сипаттарын **жан-жақты** ашуға тырысты. Бірақ, XX ғасырдың 20-30-жылдарында өмір сүрген кез келген жазушы **шығармашылығы** кенестікдәуірде қазан төнкерісіне дейін және одан кейін деп екі кезеңге бөлініп **көрсетілуі** біртұтас **шығармашылықты** толықтануға мүмкіндік бермегенін жасыра алмаймыз. **Мұндай шарттылықтан** Бейімбет Майлиниң **шығармашылығы** да шет **тұра** алмады. **Және** оның қаламгерлік **қызметіне** деген **нақты көзқарас**, акындық колтаңбасын **бағалау** мен байыптау да осында **коғамдық-саяси ұстаным аясында қалыптасты**. Бұл үрдіс бәрінен бұрын **оның** өлеңдеріне көбірек катысты болды. Соның салдарынан **шығармашылық** бастауларында тұрған бірсыптыра жырлары **жадымызға** жетпей, **әдеби-ғылыми** айналымға түспей, акын ғұмырының **әктаңдағы ретінде** қалып қойды. Ақындық айдынды **кең тұрғыда** көру үшін һәм акындық **табиғатын** толық тану орайында, **сөз жок**, бұл өлеңдерді **айналып** өтуге болмайды. Біздін тараптымнан жасалып отырған бұл жолғы қадам — казақ қаламгерінің колынан шықкан, **көркемдік сапасы тұрғысынан** әрқилем болып келетін осы жырларды (бұрыннан белгілісі жүз шакты **еді**, бұл томға екі жүз шығармасы топтастырылып отыр) сол күйінше **жұртшылық** дидарына ұсыну. Заманмен **бірге, уақыт** өте келе біртіндеп жетілетін **көркемдік** сипаттарды, қаламгерлік шеберлікті бүгінгі дәуірдің көзі қарасты, көнілі орнықты, арғы-бергіні байыптай алатын зерделі оқырманы **өзі-ак ұтынып** алатын болса керек.

Таска басылып шықкан еңбек жазушының **шығармашылық** зертханасының негізгі материалы болып саналады. **Соған орай** жазушы зертханасын баспа жүзін **көрген кітаптары** бойынша ғана зерделеуді ұсынатын пікірлер жок емес. Бейімбет Майлиниң акындық мұрасын бұлайша, жарық **көрген кітаптарын** ғана **алға** тартып **айғақтау** тым тарлық етеді деп ойлаймыз. Өйткені кезінде **көп** жазып **көрінсе** де, кейін **көптеген** сөз мұрасы көмескі қалып койған бір арысымыз нак осы Бейімбет. Эсіресе, коғамдық-саяси ұстанымы әрқилем болып келетін XX ғасыр басындағы мерзімдік басылымдарда жарық **көрген жырлары жұмбак** қалып келді. Бұлардың ішінәра атауы ғана **ауызға** алынғаны болмаса, **тұтастай мәтінін** **кешегі** тоқсаныншы **жылдардың** бас **кезінен** дейін ешбір зерттеуші кайта катарға қосқан жок. Демек, Б.Майлиниң акындық **бастауларын** анғару үшін бұл аса кажет дерек көздерін, осынау **балан** кол-

таңбаны ескермей өту мүмкін **емес**. «Әдебиеттегі алғашкы адымын өлеңнен бастады» деген тезистің толық мәнінде ашылуы үшін де мұны тереңдету өте **қажет**.

Біріншіден, Бейімбет Майлин **акындығының** ауыз әдебиетінің ықпалымен, ел ішіндегі, өз айналасындағы өлен **сөзге** әуес еркін ойлы азаттардың иғі әсерімен туып, тұла бойдағы **құдай берген** талант күшімен жетілгендігін айтуда. Ел іші кашанда **акын-жыршысыз** болмаған ғой. Екі ауыз сөздің өзін өрнектеп жеткізетін талай адамдар өз ортасында **«акын»** атандып жүрген. **Бұлардың** аузынан шыккан әр сөз былайғы **жұртка**, соның ішінде өленге әуес жас ұланға айрықша әсер етегін болған. Эсіреле, «баларқа кезінде өзі де көрген» **Көмек** акын сол тұстағы молдадан тіл сындырып, хат тани **бастаған** Бейімбетке қатты әсер еткен сиякты. Көмек айтыскер, суырып салма, әзіл өлендер **шығаруға** шебер жан екен. Кейбір деректерге **қарағанда**, аталық жағынан Бейімбетке **алыс** та болмағанға ұксайды. Бейімбет ең алғаш осы **Көмектің** өлендерін жинап, жаттайтын болған. Сонында қалған **сөз мұрасының** ішінде **мұны айғақтайтын** дәлелдер бар. Бейімбет былай дейді:

«Хат таныған соң, өленге әуестік қоздаған соң **Көмектің** осы сиякты ұсақ өлендерін жинап жаттайтын болдым. **Көмектің** жазып калдырыған өлендері өте көп еді. Шынында ол кезде жалғыз мен емес, хат танитын адамның бәрі-ақ бас қосқан жерде **Көмек** өленін айтуды әдет кылыш еді. «Өлең деген нәрсе кадірлі болады **екен-ау!**» деген ұғыныс сол кезде-ак пайда бола бастаған секілді еді.

Бұл менін 20-та жетпеген кезім. Бұтан қазір **көп жылдар** болды. Хат танығанмен одан әрі кететін дәрмен менде болған жок. Жұмыс сонында **салпактап** жүре бердім. **Жұмыстан** кол **босағанда**, жұмысшылар бас қосып тынықканда өленді ермек кылышады. Айт деп өтінген соң айтасың. Өлең айтуды әдет кылған соң, тындаушыларды жалықтырмая міндетіне айналған сияктанады екен. Енде, жаңадан бір нәрсе табу керек...».

Сол «жаңадан бір нәрсе табу» жолындағы талпыныстан туған, жазушы **жинактарында** жок, әртүрлі естеліктер арқылы кол жетіп отырған мына бір **шумак** сонын дәлелі:

Бозбала, тіршілікте өткіз сауық,
Алдыңда ажал деген бар-ды кауіп.
Сөнді деп шамшырағым екінерсің,
Бір күні өліп кетсөң каза тауып.
Мінеки, катар-құрбы тыңдағайсың,
Йесіз бұл сөзімді қылмағайсың.
Ғұмырдың қызғылықты уақытында,
Хабарсыз өр нөрседен тұрмадайсың.

Ойлап карасақ, бұл — 1910 жылдардың шамасы. Еш жерде жарияланбаған осындағы жалғыз-жарым **өлендер ауыздан ауызға** көшіп, **бала**,

Бейімбеттің ақын атын шығарған. Талантты жасты талапсыз калдырмадан, жаңа ізденістерге бастаған, тын өлеңдер жазуға итермелеген.

Екіншіден, Б.Майлин ақындығының кальптасу **кезеңі** жазба әдебиет үлгілерімен байланысты. Бұл ретте, әлбетте, алдымен «Айқап» журналын айтамыз. 1931 жылы жазған Әмірбаяндық макаласында жазушыныя: «Айқапка» бірсыныра өлеңдер жазып жіберсем де, басылмайды деген жауап алды, сосын «Айқапка» елен жазуды мүлде доғардым» дегені бар. Осы сөзі себеп болды ма, біраз уақыт ақынның журналда жарияланған жалғыз өлеңіне көніл бөлінбей келді. Автордың өзі де мұны **көзі** тірісінде жарық көрген толық жинағына (1933 ж.) енгізбепті. Өлең алғаш рет 1960 жылы жарық көрген алты томдық шығармалар жинағының **екінші** томына ғана кірді. Ал соңғы кырық жылдан бері жазушы жинактарына шын мәнінде қосылмай қеледі. 1980 жылғы алты томдықта өлең мәтіні толық камтылмаған. Шындығында, «Айқаптың» 1914 жылғы 22-нөмірінде жарық көрген «Көніліме» атты өлеңі — жиырма жастағы Бейімбеттің баспа бетін көрген тұңғыш поэзиялық туындысы. Және осы журналда жарияланған жалғыз өлеңі (осы кітапта бар).

Жүрек сыры арқылы ел ішіндегі надандықты **жоюға** шакырып, ба-лауса қөнілін шаман келсе халқына қызмет ет деп үндеген жас ақын сарынан Абай поэзиясымен танысқаны байқалмай қалмайды. Бұған оның «...Көмектің өлеңінен баска да өлеңдер бар екенін білдім. Абай өлеңдері, Ахметтің «Қырық мысалы» колға түсті. Осы жылдары «Айқап» журналы шығып тарады, «Айқапты» күмартып окитын болдым. «Айқапта» басылған өлеңдерге еліктеп жазатын болдым» дегені дәлел бола алады. Бейімбет кана емес, «Айқап» журналына бұл **жылдары** өлеңдері басылыш түрған баска да жас талап — каламгерлер жырларында Абай ықпалы, осы сарын жок емес. Коғам Әмірінің қайшылықтарын, ел тұрмысын жырлау, кері тартқан әдет-ғұрыпқа, оку-білімнің жайкүйіне назар аудару сол тұстағы жас ақындардың бәріне тән. Жас Бейімбет те солардың сапында. Демек, Б.Майлин ақындығы ауыз әдебиетінің, ұлы Абай жырларының үлгі-өнегесімен кальптасты, Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы ықпал **етті** деп айта аламыз.

Ақындық бастауын тануға демеу болатын үшінші **дәйек** — Уфадагы медресе «Галияда» оқыған жылдары колжазба «Садак» журналымен байланысты туындаған, өлі де жан-жакты жүйеленбей жүрген шығармашылық әрекеттері. Бұл ретте **бұрын-сонды** әдеби айналымға түспеген осы өлеңдердің «Садак» журналының тағдырына байланысты іргелі зерттеу, жүргізген профессор Тұрсынбек Кәкішұлының ізденістері нәтижесінде казак оқырмандарына кайтып оралғанын атап айтуда тиіспіз. Себебі, осы колжазба **журналға** лайықтап жазған Бейімбет Майлин дүниелері де аз емес екен. Мысалы, «Садактың» үшінші санында екі өлеңін жариялады. Соның бірі — «Өлең туралы» деп аталған жырьнда поэзияның халық үшін қандай пайдасы бар екендігіне ой жүгір-

теді, өленді өнерге балайды, оны ой түсіп тарыққан кездегі жолдас деп таниды, сол себепті осынау алтындағы өленді жезге айналдырып алмауды анғартып өтеді. Ал «Күн шыкты...» деген өлеңінде табиғат лирикасына бой ұрып, күн шыққан сәтті суреттеу арқылы жарық дүниенің адамзат тірлігіне тигізетін әсерін жырлайды. «Садақтың» бұдан кейінгі нөмірінде «Сүйгеніме айтамын» деген өлені жарық көрген.

Осы томда алғаш рет «Бейімбет пен Шолпан қыздың айттысы» деген өлең беріліп отыр. Бұл да Бейімбеттін алғашқы **ақындық** кезеңін бейнелейтін туынды. Бұрынғы жинақтарына енбей келген шығарма. ; Окиға шамамен 1919 жылдары болған сиякты. Бейімбет **жырманың** үстіне өнді ұшығып, аулында мұғалім болып жүрген кезі екен. Айттыс мәтіні бүтінгі күнге Көмек ақынның ұлы **Аққұлы** арқылы жеткен. Кезінде ол осы айттыска куәгер болыпты. Айттыс **Тройцк** қаласына баратын жолда, қазіргі Ресейдің Қарталы станциясының манындағы қазак ауылдарының бірінде өтеді. Айттыс мазмұнына карағанда Бейімбет **Шолпан** қызды бұрын **сырттай көрген**, оның ақындығын естіп жүрген сиякты. Соған орай екі жас әдептен аспай, сыпайы түрде **сөзбен** шарпысады, езу тарттыратын әдемі калжындар косады. Сөз сайысы **такырыптан** ауытқымай, бірінің сауалына екінші Гінің дәп жауап беруі тұрғысында жалғасады. Айттыс мазмұнынан **кімнің женіп**, кімнің жеңілгені байкалмасада, кезеңді жерінде айтылған керекті сөз өзара өзіл орайында онды жалғасаң.

Б.Майлин ақындығының бастауын «Қазак» газетіндегі жарияланымдары тиянактай түседі. Бұрын көп айтылмаса да, енді **накты** тарихи фактілер негізінде, Б.Майлиниң ақын ретінде **көпшілікке** танылуының негізі Ахмет Байтұрсыновпен танысуында жаткандығын **ашық** білдіруге тура келеді. 1914 жылғы 16 желтоксанда «Ыштат» өлеңінің бірінші рет «Қазак» газетінде **жарық** көруі **нак** осы алғашкы **жүздесуден** кейін жүзеге асты.

Эй, ыштат, не қылмадың казағыма?!

Салдың ғой момындарды азабына.

Байларға мынды айдаған құлқірлетіп,

Алдаумен іліктірдің тұзагына.

Кетірдің қарап тұрып берекесін,

Әуейі ақылсызды өуре етесін.

Доска дос шырай беріп жүрместейғып,

Азайтың ойын-кулқі мерекесін.

Пәленің ел ішіне отын жақтың,

Барыңта, бір-бірінен мал ұстаттың. * *

Жау қылып түскәнді көрмейтүғын,

Күнбе-күн арамызды алыстаттын.

Ұзак уақыт бойы жинактарына енбеген «Ыштат» өлеңі осылай басталады. Бас-аяғы он шумақжырда 20 жастағы талапкер ақын казактұрмысындағы болыс сайлау сиякты науқаның шын бейнесін ашады. «Ыштат» деп аталған бұл кезең биліккүмар казақка аста-төк босқа шашылу-дан баска ештеге бермегенін баяндайды. Жыр соңын халыктың надандығы аркасында біраз заман дәурен сүрген «ыштатқа» тоқта, осымен жетер, жаңа талап жастарды азғырма, мойныңды бекер бұра берме, мен сені бір тынға да ала алмаймын, болыстығын өзіне деп түйіндейді.

Осы газетке шықкан «Шілде» (25.06.1915 ж.) өлеңінде жас Қалам иесі шілде айындағы табиғат суретіне бой ұрады. Бес шумак арқылы ШІЛДЕ туған сәттегі қазак ауылшының тұрмысы көз алдына келеді.

Газетте, сонымен бірге, кейіннен жазушының жинактарына енгізуге мүмкіндік туған, мазмұны жамиғатка таныс болып есептелетін «Мұқтаж-дық» (15.01.1915 ж.), «Мұсылмандық белгісі» (23.01.1915 ж.), «Жазғы кеш» (20.05.1915 ж.), «Байлыкка» (04.06.1915 ж.), «Қазакка» (14.09.1915 ж.), «Улу» (09.03.1917 ж.) секілді өлендері жарық көрді. Бұларда жас ақын ғасыр басындағы қазак тұрмысының жай-қүйін жырлайды, калыптаскан коғам-дық күрылымса көз жүгіртіп, оған өз шама-шарқынша танымдық баға беруге, сын көзімен қарауға үмтүллады. Ал әдеби айналымға кештеу түскен «Ya!» (14.06.1915 ж.) деген өлеңінде сезім дүниесі сөйлейді, ақынның көніл күйі білінеді. Автор өзінің лирикалық кейіпкеріне:

Ойым да, сөзім-дағы сенсін, қалкам,
Сен жокта күнім қаран, дүние талкан.
Айымсын аспандағы адастырмас,
Колымды саған сермел, саған артам.

Жалғанда сен бар болсан, мен де бармын,
Күн көріп, жер басканым сенің аркан.
Халыктың шолпаны емес карағаным,
Жок маган сенсіз, тіпті мөнгі атар таң.

Мен сендік, сен кімдіксін, біле алмаймын,
Бір сен деп кан жұтамыш, қайғы тартам.
Сен судың, мен балықтың мысалында,
Мылжындал мұнан артық көп нені айтам?!

Әлде мен шын көктегі айды алам деп,
Көзімді телміртемін, бадырайтам.
Не бітпек, құр үмітпен мақсұт болар,
Мұны еткен әлде тағдыр, әлде шайтан.

Естен де, жүрістен де тегіс айрылдым,
Жұлде алған болмасам да жүйрік тайпаң.
Әйтеуір толып біткен кеудем киял,
Уа, кашан тұзу тұрмыс күйге кайтам? —

деп үн қатады.

«Қазак» газетінде жарияланған «Алашордаға» (30.07.1918 ж.) өлеңі арқылы мұлде басқа Майлинді көреміз. Кенес заманында «тап жыршысы» атанған Бейімбеттін шын болмысы қайда жатканына көз жүгірте аламыз. Қазан төңкерісіне бір жыл толар кезде жазылған осы өлеңінде ақын ешкандай қаймықпастан алаш козғалысын қуаттап, осы орданы «казаққа жарық сәуле ендіреді» деп шаттанды.

Ал «Қазак» газеті сиякты кеңестік ұстанымға сәйкес келе коймаған «Алаш» газетінің (1916 – 1917 ж.ж.) сарғайған параптеры да Б. Майлиннің сол шақтағы саяси көзқарасын керсете алады. Мәселен, ол «Ел қадірін ер білер...» деп басталатын 1917 жылғы өлеңінде ел қадірін білетін ерлер хакында ой толғайды. Сол ерлер кызғыштай қорыған ел ішінің сәні кete бастағанына күйзеледі. «Кара құн» өлеңі де осы сарында. Мұнда елім деп езілген ет-жүректің мұң-шері басым. Ақын «үйқы» кашып, жарық құнін тұн болса, жан біткен уайым-кайғыдан арылмас, алтын айдар ак арулар тұл болса, есіркеп қарайтын жан табылмас» дей келе, биді де, болысты да, патшаны да жокка шығармайды, кара құн туа қалса тірек болатын солар дегенді мензейді. Эрине, мұны кеңестік дәуір дәйектеген тапшыл Бейімбеттін тұлғасымен шенdestіру мүмкін емес.

Бұған тағы да бірер дәлел. Ол — «Бірлік туы» газетіндегі «Не жаздым, күдай?» (30.03.1918 ж.) өлеңі. Мұнда ақын 1917 жылғы Қазан төңкерісінен зор үміт күткенін жасырмайды. Бірак онын да елге тендік әкелмегенін, кайта ел ішінде «пәле мен найзалыны» көбейткенін ашып айтады. Құдайға жалбарынып, ел-жүртyna кендік, тендік, тыныштық сұрайды.

Ал «Уран» газетіндегі «Қырда» (12.09.1917 ж.) атты өлеңі патша тақтан құлағаннан кейінгі дала тынысын бейнелеуге арналған. Ақын патшалық заманын «кара құнғе» тендейді. Акпан төңкерісінен кейінп кезеңді бостандық туды, басым азат, бұндай құнді бала жастан бері кермеген едім деп суреттейді. Кейіннен осы жырына байланысты ақынға 1917 жылғы кос төңкерістің мәнін дұрыс түсінбеді деп сын тағылған.

Бостандықты аңсау «Қазак мұны» газетіндегі «Жазғытұрғы тілек» өлеңінен де байкалады. Автор бостандық іздеген өз көніл күйін «карай-лап кар астында күтіп жаттық, какпалап жүдеп калған малды бактық» деп бейнелейді. Мұндағы «ызығарлы кар, катты қыс» — ел тынысы, ал сол аяздың бетін қайтарған — бостандық нұры. Ақын осы нұрға табынады, бостандық нұрына деген тілектен қазак мұны танылатындығын білдіреді.

Міне, алғашқы қадамын өлеңнен бастаған Б.Майлиннің XX ғасырда жарияланған көптеген жырлары қоғамдық құрылыштың келбетіне, саяси бағыттың өзгешелігіне байланысты оқырман колына өз қалпында тұтас жетпеді. Сол себепті үл томға біз Бейімбет қаламынан туған, кезінде жарияланған және де сакталған ескі басылымдарда сарғайған осы тәрізді еңбектерін енгізіп отырмыз. Үл басылымдар катарына бүгін-

де екінің біре біле бермейтін, кезінде ұлтымыздың арыстары үйымдастырған «Жас азамат», «Ортен» газеттерін жатқызуға болады. Сондай-ак кеңестік кезендегі өлеңдерінің де жазушы **жинақтарына** косылмағаны аз емес. Мысалы, «Нан» атты өлеңі 1921 жылғы 20 тамызда жазылған. Ол әуелі «Еңбекшил қазак» (1922 ж.), одан кейін «Акжол» (1923 ж.) газеттеріне жарияланды. Бұдан кейін жазушының 1933 жылғы толық жинағының бірінші томына (56-бет) енген екен. Бірақ, 70 жыл бойы өлең мәтіні жүртшылықка жетпей келді. Өйткені отызыншы жылдары нак осы өлеңі үшін «21-жылғы болған аштыкты Бейімбет бәлшебектерден көріп отыр» деп сыйналған екен.

Жалпы **Б.Майлин шығармашылығы** туралы жазылған отызыншы жылдардың сын пікірлерін саралап көрсек, кезінде оған «тап күресін көре алмаған», «кеңестік құрылыштың тікелей катысушысы емес, оны сыртан барлад, сонына өрген суретшісі», «жолбике» деген айдарлар тағылғанын айтпай өте алмаймыз. Эрі мұның бәрі ақын Бейімбетке, оның өлеңдеріне катысты айтылғанын ұмытпаған жөн. Смағұл Сәдуакасов айтқандай, бұл жылдардағы сында шығарманың затын емес, автордың атын сынау үстем тұрды.

1925 – 1935 жылдар арасында **Б.Майлиниң** бірнеше өлең кітаптары жарық көрді. Оның алғашқылары «Бейімбеттің өлеңдері», «Ел сырсы», «Ел көркі» деп аталды. Мысалы, «Ел сырсы» кітабында 34 шығармасы бар. Кітапқа автор «Қалың қазақ елінің мұнына күйінген, жаңа жүртшылықтың бір белгісі болған, мындалап қатарын түзеген ел тілшісіне арнадым» деп эпиграф қойыпты. Кітаптың негізін 1925 – 1926 жылдары жазылған өлеңдер құрағанымен, бұған 1922 - 1924 жылдардағы шығармалары да кірген. Жинак сырсы оның ел тілшісіне арналуынан шығады. Себебі, бұл өлеңдердің көпшілігі «Еңбекшил қазак» газеті басқармасына, газете жұмыс істеп жүрген Бейімбет ақынның өзіне тікелей елден келген оқырман хаттарының негізінде туған. Кейбір өлеңдерге («Еліру», «Шоңмұрынның қыздары», т.б.) «тілшілер хатынан» деп анықтама берілуі де содан. «Ақсуаттың жанында» (1925 ж.) шығармасына «кара сөзбен жазылған өлең» деп анықтама беруі ақынның бұл жылдарда өлең құрылымына өзінше өртүрлі барлау жасағанын көрсетеді.

Екеуміз ғана едік
Аксуаттың жанында.
Мәрештен басқа
Жан адам жок жанымда.
Майдалау ескен желмен
Талдың жапырағы сыйбырлады.
Су толқындалау жарға соғып,
Шолтылдады да, сыйбырлады, —

деген жолдар белгілі бір ретпен топтасып, дәстүрлі өлең шумағына түс-кенімен, ішкі ырғағы поэзияның көркемдік талаптарына сай **еместігін**

акын да анғармай калмаған. Ол үшін маңыздысы — бір жі гітпен сөз байласқан Мәреш қыздың **басқа біреугети**п кеткен опасыз кылышын әшке-релеу орайындағы такырыптық сипаты болған сиякты. «Кара сөзбен жазылған өлең» аныктамасын осылай ұғынуға болады. «Ажар», «Байлар тұзағы», «Қарасор», «Қаратомар», «Еккен де жок, сепкен де жок», «Үркімбай шал», «Ауылнай», «Ауылнай мұңы», т.б. өлендерін оки отырып, ақынның қалың елдің ортасынан жеткен онды-солды оқиға-хабарларға дер кезінде үн қосып отырғанын **байқаймыз**.

Бейімбет кезінде **оқиғалы** өлендер жазуға көбірек бой ұрды. Біркатарап поэмалар жазды. («*Байдың қызы*», «*Рәзия қызы*», «*Зәйкүл*», «*Қашқан келіншек*», «*Әтірікке бәйге*», «*Маржан* т.б.). Нәтижесінде «Сағындық», «Бөліс», «Маржан», «Он жылда», «Шапай комсомол», т.б. кітаптары дүниеге келді. Ақынның ең соңғы поэзиялық жинағы «Қанжар» (1932 ж.) деп аталды. 1930 жылдан кейін ол өлең жазуды сиретті. Бұл туралы өзі де: «Рас, сол 30-жылдан бастап мен өленді койыппын» дейді. Бірак, ақын Бейімбет Майлин өлең сүйер оқырмандарынан бұдан кейін мүлде кол үзіп кеткен жок. 1937 жылға дейін **көркем** әдебиет баспасы оның поэзиялық шығармаларын жеке кітап нысанында шығарып тұрды. Алайда, 1932 жылдан кейінгі шығарылымдардың бәрі де ақынның бұрынғы өлендерінің кайта жинакталып жариялануы болатын.

Мысалы, «Мырқымбай» (1935 ж.) жинағы оның тандаулы өлендерінен күрастырылған еңбегі болды. Кітапка енген отыз үш өлең мен поэмалар 1923 — 1930 жылдар арасын камтиды; сонымен бірге 1933 жылы Шымкент қорғасын зауытына іссапарға барған кезінде каламынан туған «Сәлемдемем — корғасын», «Бибігүл деген карындас», «Біздің жастар» атты өлендері де осы жинаққа косылды. «Мырқымбай» жинағының басты мақсатын осы кітапқа редактор ретінде «Бір-екі ауыз» сөз жазған Рахымжан Жаманқұлұлының пікірінен (1935 жылғы 20 маусым) білуге болады: «Бұл жинакқа Бейімбеттің ең тандаулы өлендері кірді, — дейді ол. — Төңкерістен бұрын колына калам алған ақын-жазушылардың ішінде Бейімбеттің орны бөлек. Өйткені, Бейімбет казак ауылнадағы каналушы таптың сөзін сөйлеген, солардың қалын суреттеген ақын». 1936 жылғы «Маржан» (Алматы — Қазан) кітабы да әр жылдарда жазылған поэмаларының жинағы болды. Бұл кітапка кірген 9 поэмалың біркаторы баспасөзде жарияланып, бұрынғы кітаптарына енсе де, кейбіреуі осы жолы алғаш рет жарық **көрді**.



Өленді **көп жазған** Б.Майлин жалпы поэзияға, өз шығармашылығына сын **көзімен** карай алды. «Жазып жүргеннің өзінде де мен сол өлеңдеріме тым корашсынып карайтын едім. Қаншама тәуір **етіп** жаздым десем де, артынан өзім оқығандада соның бірдемесі жетпегендей, окушыларға дәкірт, оғаш көрінетін сияқтанып түрушы еді. Оның үстінен сол жазғандарымды кезінде я жақсы, я жаман деп пікірін айткан окушылар да бола коймады» деді **ағынан** жарылыш. Әдетте, өз шығармашылығы

туралы мұндай пікір айту кез келген адамның қолынан келе. коймасы анык. Алайда калам құдыретін, өлең құдыретін ерекше бағалаған ақынның бұл әрекеті, сөз жок, үрлакқа үлгі болуға жарасатын жағымды мысал.

Корыта айтканда," Бейімбет Майлин поэзиясы өзінің әдебиеттегі орнын көтерген һәм жырлаған тақырыбының заманға сай келген ерекшелігімен, жаңа қоғамның елен-алаңындағы қазак тұрмысын реалистік тұрғыда керсете білген сипатымен, есте қалатындағы ерекше бейнелер жасаған шығармашылық жемістерімен бірге иеленеді. Ол өз өлөндөрі арқылы туған елінің коспасыз калпын жырлады, қоғамдық құбылыстар әсерінен туған, түйсінген топшылауларын білдірді. Ақын ауылдың ғасырлар бойы орныккан ішкі-сыртқы келбетін, саяси болмысын еңбек пен білім арқылы жаңарту жолын ұсынған жана қоғамның тандауын жатсынған жоқ, бұл жолдың өзіне, өзі шықкан кедей-шаруа қауымына жат еместігін жырлады. Бұл жырлар — казак халкы баетаң кешірген келелі тарихтың бір белшегі. Ал ғасырдан ғасырға өссем, өрлесем дейтін ел өзінің мұндай құлы-құлы тарихынан еш уақытта бас тартпаса керек.

Құрастырушылар

Өлпендер



МҰҚТАЖДЫҚ

Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой!
Талапкерге қарсы тұзак құрдың ғой!
Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,
Ауруы жок бір мүгедек қылдың ғой.

Тоқтау салып кейін қарай тартасың,
Жас талапқа бір ауырлық артасың.
Сөндіресің жалындаған жүрегің,
Түбін қағып, жел гuletіп қалтасың.

Жазы, қысы бір ақша деп зарлайды,
Жатса-тұrsa бұл есінен қалмайды.
Шарасыздық күнге ұшырап байғұстар,
Садаға үшін жанын байға жалдайды.

Алты айғы жаз бала оқытып бір байға,
Бұл кәсібі келсе егер ынғайға;
Жарлымын деп және карап тұрмайды,
Хақтан қоркар ұлтка қызмет қылмауға.

Бір қызмет қылайын деп ойланып,
Бұл туралы шын ниетті бойға алып!
Жайраң қағып шықса-дағы мұқтаждық
Жібермейді тұп етектен байланып.

«Әй, мұқтаждық, қайтейін!» — деп кайғырып,
«Керегімді бермедің» деп сай қылып,
Жігері құм болғаннан соң токтайды,
Бойындағы талабынан айрылып.

1913 жыл.

МАЛ

Санасызды санға қосқан сүйреп^{мал},
Көтермелеп кем-кетікке берген^{әл}:
Құнын беріп^{көп} сұлуды құн^{қылды},
Жігіт болып^{сексендері} талай шал^ж:
Ен дәулеттің аркасында «ер» болып[,]
Толып жатыр жұртқа басшы болғандар.
Малың болса, өзің^{патша}, өзің^{би},
Сый құрметті^{көрмеген} бай қайда бар?
Жарлы болсан^{мұң-мұқтаждан} арылмай,
Бір басына кең дүние болар тар.
Бақыт, рахат бәрі мадда болған сон,
Ел бастап жүр бай баласы — мырзалар...

1914 жыл.

КӨНЦЛІМЕ

ж. ғ.

Ғаріп, көнілім, жабырқайсың сен неге,
Бұл калпынды қатарынан кем деме! *
Бар мудденді тегістеуге қалдырмай, . . .
Дүниенің тетіктері менде ме?!

Жатсам, тұрсаң сен есімнен қалмайсың,
Токтау қылып ақыл айтсам, алмайсың.
«Кемеліңе келемін деп жүргенде,
Қатардан соң қаламың» - деп зарлайсың.

«Талабы жоқ жан болдың» — деп қамайсың,
Мені мұлде бір жалқауға санайсың!
«Бақытсыздық туғыздың», — деп, басыңа,
Қыңырайып көкке таман қарайсың.

Токта, көнілім, жабырқама жабығып,
Жаман өсек қалмасыш маған тағылып.
Менің-дағы ойлаған бір халім бар,
Тек жатқам жоқ жалқаулықты жамылып.

Қазақ деген ағайынды елім бар,
Миллионшы байлары бар біткен мал.
Әзірінше әуре боп тұр штатпен,
Оку-өнер іздер емес, құрымай шар.

Бұгін бітсе әуре болған таласы,
Бірлікпенен тынышталса арасы.
Аз-кем жәрдем берілсе де бітпей ме
Надандықтың тәнге салған жарасы.

Сол уақытта мұратыңа жетерсін,
Жалкаулыкты басып-жаншып кетерсін.
Тұғаныңның жәрдемдерін ойға алып,
Келсе шаман, жұртқа қызмет етерсін.

1914 жыл.

ЫШТАТ

Эй, ыштат, не қылмадың қазағыма?!

Салдың ғой момындарды азабыңа .

Байларды мың айдаған күлкірлетіп,

Алдаумен іліктірдің тұзағыңа.

Кетірдің қарап тұрып берекесін,

Әуейі ақылсызды әуре етесің.

Доска дос шырай беріп жүрместей ғыл,

Азайттың ойын-күлкі мерекесін.

Пөленің ел ішіне отын жақтың,

Барымта, бір-бірінен мал үстіттың.

Жау қылып туысканды көрмейтуғын,

Күнбе-күн арамызды алыстіттың.

Сен келіп айдын көлді суалдырдың,

Байларды «лауазыммен» жұбандырдың.

Мәз қылып байғұстарды болмашыға,

Баладай моншак таққан қуандырдың.

Сен үшін арын сатып, малын сатып,

Аянбай қолындағы барын салып,

Қайтар мал, кетер бақыт кез келген соң,

Қырсығың шыдатсын ба, тұрсың бағып?

Магнитің жүрттың бәрін алды жиып,

Кетпестей құмар қылды ешкім қып.

Бай-мырза, қажы-сопы, қожа-молда,

Бәрі де шұбырып жүр сені сүйіп .

Болыстық, ауылнайлық тіккен туың,
Саранды мырза қылды сенің буың.
Ел басы, жұрт жақсысы сені ойлайды,
Жолыңа құрбан кылыш жер мен сүйн.

Бірлік пен берекені жойдың тәмам,
Мұныңды сезбей жүр ме білген адам?
Халықтың надандығы арқасында,
Дәуірлеп, дәурен сүрдің біраз заман: г

Қой енді, тоқта осымен, жетер жаным!
Дәуренің енді бастаң, кетер жаным!
Жастардың жана талап азғырам деп,
Мойныңды бұра берме, бекер жаным!

Айтамын жылы сөзбен жарықтығым!
Бұрынғы сіңсін саған шыққан шығын.
Берсен де бір тынға ала алмаймын, со
Өзіңе, бар, жаным, кет, болыстығың!

1914 жыл.

МҰСЫЛМАНДЫҚ БЕЛПСІ

Шын мұсылман біздің қазақ баласы,
Шындықпенен нық байланған арасы.
Есептесең неше мың пүт боларлық
Хаққа айтқан «хәмед» пенен «сәнасы».

Тағатына кемдік қылмас сірө да,
Құлдық жөннен батар емес күнәға.
Бес намаздың жалғызын-ақ оқып ап,
Кәмілдікпен жағып жүр ғой «құдаға»!

Шыбын жанға жақсылықты жорып тұр,
Бар жұмақты бермей сыртқа қорып тұр.
Қалайынша қазақ надан дейсіндер,
Қажы, сопы ел ішінде толып тұр.

Малы барлар Мекке барап жалақтап,
Зекеті жоқ кірсіз таза малы аппак.
Бар мұддесі «ізгі жерге» барып кеп,
Сөзін сыйлы, елді аузына қаратпак.

Таспиқ алып сопылар да зарлайды,
Сырты тұзу, іштен рия қалмайды.
Дәuletі мол, байлау жерге барғанда
Сый-сыяптар қыла ма деп ойлайды.

Байлар-дағы тура баспай келеді,
Қайтсе де жұмақ тиеріне сенеді.
Тәулік тұрған молдасына «зекет», деп,
Көтерем тай, котыр қойды береді.

Малы жоқтың өкпесі шоқ құдайға,
Байды көрсө, ши күймей шыдай ма?
Ілгерпмен коймаған соң тен қылып,
Құр жарбандап «кулдық» қылу оңай ма?

Езгілікке өсек сөздер ермесін,
Көп жауыздар жұмақты былғап кірмесін
Барлық қазак иемденіп жұмақты,
Басқаларға орын қалмай жүрмесін

1915 жыл